Автор: Ажибаева Жулдыз Сазанбаевна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мен - зерттеушімін
Тақырып: Қоректік тізбектегі өсімдіктер

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:экожүйе құрамындағы қоректік тізбек және қоректік торларды құрайтынағзалардысалыстырады. Көпшілік оқушылар:эко жүйелерде мекен ететін ағзалардың қоректік тізбектер мен қоректік тор құрастырады. Кейбір оқушылар:қоректік тізбекті құрайтын жайылымдылық және детриттік түрлерін түсіндіреді
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану,математика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі «Артық сөзді тап» Миға шабуыл: Біздің әлем - кездейсоқ емес, әрбір заттың ЖҮЙЕСІ бар. Тірі табиғаттың қандай жүйесі жайлы айтылған? Оқушылар бір – бірімен талқылып, жауаптарын ұсынады. О: Қоректік тізбек Жаңа тақырыпқа шығу: Қоректік тізбек Оқушылармен бірге сабақтың мақсатын анықтау Пәндік лексика және терминология	презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ ортасы	Жаңа сабақ: Қоректік тізбек - ағзалардың бір – бірімен қоректені барысындағы қатынастары Трофикалық (қоректік) деңгей: • Бірінші қоректік деңгей - продуценттер • Екінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер). • Үшінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер). • Төртінші қоректік деңгей - екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар). • Ыдыратушы организмдер екінші деңгейден бастап барлық деңгейде кездеседі. «Атом және молекула» ойыны арқылы оқушыларды 3 топқа бөлу. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша оқушылар іс әрекеттерді қайталайды. (Мысалы, атомдар шынтақтары арқылы екі-екіден бірікті, аяқтары қолдары арқылы үш-үштен бірікті). Әр топқа әр түрлі трофикалық деңгейге жататын ағзалардың суретін таратып беру. Осы суреттерді қолдана отырып қоректік тізбек жасауын сұрау. Тапсырманы бағалау үшін оқушылармен бірге бағалау критерийлерін анықтау. Бағалау критерийі: • Берілген ағзалардың аттары анықталады; • Ағзалардың қоректену типі анықталады; • Ағзаларды қоректік тізбектегі пирамида бойынша орналастырады. • Регламентті сақтау. Әр топ өз жұмыстарын ортаға салып, талқылайды. Қалған топтар бағалау критерийлері бойынша бағалайды. Өзара бағалау: «Сэндвич». Оқушыларға стикер таратылып, топтардың жұмысын бағалау үшін 1 жағымды жағын, 1 нашар жағын, 1 ұсыныс білдіру қажет. ФБ: (топтық тапсырма) ең жақсы баяндамашыны жұдырық және алақан арқылы бағалаймыз. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет арқылы мағынаны ашу. Бұл қандай ағаштың жапырақтары Топтық жұмыс. Қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды салыстырыңыздар және трофикалық (қоректік)деңгейді анықтаңыздар: 1 топ- тұтынушылар 2 топ- ыдыратушылар қоректік деңгей: I. 1.продуценттер 2.өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер) II. 1.өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер) 2. екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар) **Дескриптор:** 1.қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды ажыратады 2.Қоректік тізбекке кіретінағзалардың тізбекте орналасу ретін біледі. Кері байланыс: смайлик арқылы 2. Тапсырма . «Ойлан, тап» әдісі. Жұппен жұмыс Берілген суреттер бойынша қоректік тізбек құрастырыңыздар және мекен ету ортасына байланысты қысқа және ұзын тізбекті анықтаңыздар: 5e06f4e4988f5.png Image not found or type unknown Құрлықтағы қоректену тізбегі қысқа (3-4 буыннан тұрады). Мысалы: ағаш- құрт- құс- жыртқыш құс. Су ортасындағы (ұзын). Фиопланктон- зоопланктон-майда балықтар- жыртқыш балықтар- адам. Дескриптор: 1. қоректік тізбек пен қоректік тордықұрастырады. 2. мекен ету ортасына байланысты тізбекті анықтайды. Кері байланыс: «Чемодан, қоқыс жәшігі, еттартқыш» әдісі арқылы 3тапсырма «Тағы не білгіңіз келеді» әдісі. Жеке жұмыс Қоректік тізбек пен тордың жайылымдылық және детриттік түрлерін толықтырыңыз.	презентация Топтық тапсырмалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Рефлексия: Ойын. Табиғаттан нені үйрендім? - Мен күннен мейірімділікті үйрендім (күнді салу) - Мен судан тазалықты үйрендім (суды салу) - Мен әдемі гүлдерден нәзік болуды үйрендім (гүлді салу) - Мен ағаштан мықты, төзімді болуды үйрендім (ағаштың суреті) - Мен табиғаттан қайырымдылықты үйрендім (құсты бейнелеу) - Мен табиғатты қорғауды үйрендім (шөпті бейнелеу) - Міне балалар, білімдеріңмен еліміздің бірнеше жерлерін гүлдендірдіңдер. Ең көп еңбек сіңірген топты атау, бағалау.	Әзірленген үлгілер